



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындарда жүргізілген пікіртерімнің нәтижесі
(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік
және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2025 жылғы IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы және жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім туралы мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардың бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2025 жылғы 4-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3 482

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 243
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 799
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 315
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 956
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 264
Ауыл шаруашылығы	➤ 193

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ **2 770**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2025 жылғы 4-тоқсанда іріктеменің жартысынан астамын **тау-кен өндіру өнеркәсібі (64,2%)**, **ауыл шаруашылығы (59,6%)**, **құрылыс (57,5%)** және **өңдеу өнеркәсібі (55,7%)** саласындағы ірі және орташа кәсіпорындар құрады.


Іріктеменің жартысынан азы **көлік пен қоймада сақтау (44,3%)** және **сауда (23,5%)** саласындағы ірі және орта кәсіпорындардан тұрады.

2025 жылғы 4-тоқсанда бәсекелестіктің маңыздылығы ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада артты.


Сауда нарықтық бәсекелестік барынша әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **46,2%**-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінуде.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **37,9%**, **көлік пен қоймада сақтауда** – **28,4%**, **құрылыста** – **26,3%**, **ауыл шаруашылығында** – **17,6%**, ал **тау-кен өндіру өнеркәсібінде** **15,6%** болды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2025 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындарға бизнесті жүргізуде мыналар:

- сауда және өңдеу өнеркәсібі үшін **нарықтық бәсекелестік**;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс үшін **салық ауыртпалығының деңгейі**;
- ауыл шаруашылығы үшін **білікті кадрлардың жетіспеушілігі** негізгі кедергі болды.

Алдағы 12 айда барлық сала бойынша инвестицияларды қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте ауыл шаруашылығында (14,0%) ең көп ұлғаюы күтілуде. Инвестициялардың қысқаруы бойынша ең теріс күтулер тау-кен өндіру өнеркәсібінде (15,6%) қалыптасты.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау саласынан басқа барлық салада Ресей рублі басым.

2025 жылғы 4-тоқсанда есеп айырысуда теңгені өңдеу өнеркәсібінің, көлік пен қоймада сақтау кәсіпорындары барлығынан көп пайдаланды.

6-график. Теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)




7-график. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2025 жылғы 4-тоқсанда теңгенің **Ресей рубліне** және **АҚШ долларына** қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін төмендеді.

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	20,4	5,8	5,9	2,5
Өңдеу өнеркәсібі	15,7	6,7	4,8	3,2
Құрылыс	20,3	9,4	7,6	4,3
Сауда	19,9	8,5	5,6	3,5
Көлік және қоймада сақтау	18,7	7,4	6,5	3,5
Ауыл шаруашылығы	13,3	8,1	8,0	4,2

9-график. Кредит алуды көздеген кәсіпорындар, %




2025 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс саласынан басқа барлық салада банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болатын кәсіпорындар үлесі артты. Кредиттеу шарттары тиімді деңгейден жоғары болған кәсіпорындардың ең көп саны ауыл шаруашылығына (18,7%), ал ең азы көлік және қоймада сақтау саласына (14,0%) тиесілі.


Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме тау-кен өндіру өнеркәсібі (20,4%) саласында, ал шетел валютасында - ауыл шаруашылығы (8,0%) саласында белгіленді.

2026 жылғы 1-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (21,5%), ал ең азы көлік және қоймада сақтау (6,1%) саласына тиесілі.

10-график. Орташа өлшемді* кредиттік жүктеме**, %




11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны

Кредит алғандар



Ала алмағандар



- Тау-кен өндіру өнеркәсібі
- Құрылыс
- Көлік және қоймада сақтау

- Өңдеу өнеркәсібі
- Сауда
- Ауыл шаруашылығы

2025 жылғы 4-тоқсанда көлік және қоймада сақтау саласындағы орташа өлшемді кредиттік жүктеме (17,4%) басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мөні ауыл шаруашылығы (8,6%) саласында байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындар үлесі ауыл шаруашылығы саласында ұлғайды.

2025 жылғы 4-тоқсанда барлық саладағы пікіртерімге қатысқан **32 кәсіпорынға** кредит беруден бас тартылды.

*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мөні

** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100

*** 90 күннен астам




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізат бағасы

2025 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салада **дайын өнімге сұраныс** артты. 2026 жылдың 1-тоқсанында ауыл шаруашылығынан басқа кәсіпорындар дайын өнімге сұраныстың артуын күтеді.

2025 жылғы 4-тоқсанда **дайын өнім бағасының** өсуінің баяулауы құрылыс пен ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада белгіленді. 2026 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен саудадан басқа барлық салада дайын өнім бағасының өсу қарқынының баяулауы күтіледі.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада шикізат пен материалдар бағасының өсуі баяулады. 2026 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық салада **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының баяулауы күтіледі.


*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2026 жылғы 1-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі*, %



2025 жылғы 4-тоқсанда өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі (ӨҚЖ) көлік және қоймада сақтау, өңдеу өнеркәсібінде және құрылыста өсті. ӨҚЖ-ның деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде ең жоғары (59,0%).

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде жағдай өте жақсы, мұнда ӨҚЖ (ӨҚЖ>=90%) барынша жоғары кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2025 жылғы 4-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа арифметикалық өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (тау-кен өнеркәсібі мен сауданы қоспағанда)

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалық мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,47	1,52	0,22	38,0	0,54	52,3
Өңдеу өнеркәсібі	1,45	1,55	0,26	22,8	0,43	65,0
Құрылыс	1,18	1,31	0,29	20,6	0,28	75,5
Сауда	1,26	1,19	0,45	20,8	0,28	81,7
Көлік және қоймада сақтау	1,29	1,59	0,19	31,9	0,49	38,9
Ауыл шаруашылығы	1,43	1,34	0,14	19,0	0,41	44,2

2025 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай болып қалыптасты:

- тау-кен өндіру (**АӨК=1,47**) және өңдеу өнеркәсібі (**АӨК=1,45**) кәсіпорындарының өтімділігі барынша жоғары;
- көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылды (**ЖТҚК=1,59**);
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,45**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары неғұрлым тиімді (**СР=38,0%**), ауылшаруашылығы кәсіпорындары аса тиімді емес (**СР=19,0%**) болып қалды;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында (**ӨҚК=0,54**) өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары;
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылды (**ААҚУ=81,7%**).

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқамерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі соғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқамерзімді және ұзақмерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқамерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді


*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

** Пайыздық төлемдер, салық және амортизациялық шығындар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)




— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2025 жылғы 4-тоқсанда барлық салаларда кәсіпорындардың **қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу** қабілеті жақсарды (АӨК ұлғайды). Инвестицияларды өз қаражаты есебінен қаржыландыру мүмкіндігі (ӨҚК) тау-кен өндіру өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында ұлғайды. Барлық салаларда іскерлік белсенділіктің (ААК) жақсарғаны байқалды. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (ЖТҚК) құрылыс пен саудадан басқа барлық салаларда төмендеді.


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сату көрсеткішінің орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды табыспен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



Сату рентабельділігі (салық салғанға дейін және пайыздар мен амортизация төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейін) 2025 жылғы 4-тоқсанда көлікте және қоймада сақтауда, ауыл шаруашылығында өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **шығынмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде жоғары (18,1%).

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі саласының бағалауы барынша жоғары (51,6%).

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды шығынмен аяқтауды күтетіндердің үлесінен көп.


*Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау


Салалардағы борыштық ауыртпалық

2025 жылғы 4-тоқсанның нәтижесі бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі **24,2%-дан 24,6%-ға** дейін шамалы **ұлғайды**, ал **кредиторлық берешек** бойынша осындай көрсеткіш бұрынғы **20,3%** деңгейінде сақталды.

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Еңбекақымен және жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санындағы өзгеріс³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі⁴, %



2025 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтаудан басқа барлық салада **өндіріс көлемінің** ұлғаюы байқалды. 2026 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.

Сауда мен құрылыстан басқа барлық салада жұмыспен қамтылғандар саны төмендеді.

2025 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібін қоспағанда, барлық салада өз қызметкерлерінің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындар саны артты. 2026 жылғы 1-тоқсанда барлық салада жалақы жағдайы жақсарады.

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2026 жылғы 1-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда)

⁴ Маусымдық тазартылған деректер (көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда)

- **Бәсекелестіктің** неғұрлым ең жоғары **деңгейі әлі де** саудада **сақталуда**.
- **Дайын өнімге сұраныс** тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салада ұлғайды.
- 2025 жылғы 4-тоқсанда **дайын өнім бағасының** өсуінің баяулауы құрылыс және ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада байқалды. 2026 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен саудадан басқа, барлық салада дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.
- **Шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының баяулауы ауыл шаруашылығынан басқа, барлық салада байқалды. 2026 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен құрылысты қоспағанда, барлық салада шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.
- 2025 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау салаларынан басқа, барлық салада **өндіріс көлемінің** ұлғаюы байқалды. 2026 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.
- Көлік және қоймада сақтауда, өңдеу өнеркәсібінде және құрылыста **өндірістік қуаттардың** орташа өлшемді **жүктемесі** артты. Осы көрсеткіштің ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталады.
- 2025 жылғы 4-тоқсанда **сату рентабельділігі** көлік пен қоймада сақтауда, ауыл шаруашылығында артты. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда жоғары.
- Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен, көлік және қоймада сақтаудан басқа барлық салада үстем. 2025 жылғы 4-тоқсанда теңге бағамының **ресей рубліне** және **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін төмендеді.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы өсті, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешек** бойынша көрсеткіш өзгеріссіз қалды.